

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 23-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 568 -қосымша

**Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Әдебиеттік оқу»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
(оқыту қазақ тілінде)**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Әдебиеттік оқу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты - білім алушының жеке тұлға ретінде сөз өнері арқылы дамуына ықпал ету, өнер және көркем әдебиет әлемімен қарым-қатынас жасауға қажеттілігін қалыптастыру.

3. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім алушының оқу қызығушылығын, эстетикалық сезімін және көркемдік талғамын қалыптастыру үшін ортақ жағдай жасау;

2) жазушылар, шығармалар құрылысы, мәнерлілік құралдары, әдеби образдар туралы бастапқы әдебиеттанушылық білімдерін қалыптастыру; библиографиялық біліктерін дамыту;

3) тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым- сөйлеу әрекетінің төрт түріне сәйкес оқу және сөйлеу жүйесін қалыптастыру;

4) әр түрлі жанрдағы және стильдегі көркем шығармаларды талдау тәсілдерін үйрету;

5) классикалық, заманауи, ұлттық көркем және ғылыми-танымдық әдебиеттің үздік шығармалары негізі білім алушылардың интеллектуалдық

әлеуетін, рухани-адамгершілік мәдениетін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бағалай білуін қалыптастыру.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) негізгі белгілерді: жатықтық, шапшаңдық, жете түсінушілік, мәнерлілік, логикалық екпін қою және сөздер мен сөйлемдер арасында үзіліс жасауды сақтай отырып, қалыпты жазу және Брайль жүйесі бойынша бедерлі-нүктелі қаріпте оқу дағдыларын толыққанды жетілдіру;

2) Брайль қарпі бойынша оқу мен жазу барысында әріптер мен сөздерді тұтас түйсіну үшін саусақ ұштарын дұрыс пайдаланып, қол саусақтарының сенсомоторикалық (сезімдік және қозғалыстық) дамуын жетілдіру;

3) оқу үдерісінде жіберілетін қателерді түзету: орын ауыстыру, буындарды ауыстыру, әріптерді жоғалту, сөздерді алмастыру, қалдырып кету, сөздегі буындарды ауыстыру;

4) жазу және оқу әрекеті барысында кіші кеңістікті бағдарлау;

5) оқу, жазу және көрнекі құралдармен жұмыс жасағанда қалдық көру қабілетін ұтымды пайдалану білігін дамыту;

6) сезу, есту, қалдық көру қабілеті арқылы қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды бірдей қабылдай білуін түзету;

7) нақты әдеби образды қалыптастыру үшін көрнекі-бейнелі, ойға негізделген, көрнекі-әрекеттік, сыни, логикалық ойлау түрлерін дамыту;

8) көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың қоршаған әлемді тануының негізгі тәсілдері: көру, тактильді қабылдау, есту, зейін, есте сақтауды дамыту;

9) көркем шығармаларды қабылдауда білім алушылардың өрісінің дамуындағы бұзылыстарды түзету;

10) білім алушылардың сөйлеу әрекетінде вербализмді және білімді меңгерудегі немқұрайдылықты жеңу.

2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Білім берудің негізгі бағытына сәйкес оқу бағдарламасына тұлғаның үйлесімді дамуына ықпал ететін құндылыққа, жеке тұлғаға бағытталған, іс-әрекеттік, саралап оқыту, коммуникативтік тәсілдері және ақпараттық – коммуникациялық технологиялары енгізілген.

6. Құндылыққа бағытталған тәсіл ұлттық және әлемдік көркем әдебиеттерін оқып, ұғыну, әлеуметтік-мәдени ортаға: театрларға, мұражайларға, шығармашылық көрмелерге, архитектуралық ескерткіштерге бару арқылы білім алушының патриоттық, гуманистік, рухани-адамгершілік қасиеттерінің дамуына ықпал етеді.

7. Жеке тұлғаға бағытталған тәсіл көркем шығармаларды оқу кезінде әрбір білім алушының жеке қабілетін дамытуға, адамгершіліктік бағытқа тәрбиелеуге, өзінің іс-әрекеттерін әдеби кейіпкерлердің іс-әрекеттерімен салыстыруға ықпал етеді.

8. Іс-әрекеттік тәсіл танымдық іс-әрекетті белсендіруге және өзектендіруге, қоршаған ортаны тану құралы ретінде әдебиетті оқуға қызығушылығын оятуға, білім алушыларды өз бетінше білім алуға ынталандыратын оқытудың инновациялық технологияларын және әртүрлі қызмет түрлерін пайдалануға, педагогтың басшылығымен іскерліктермен дағдыларды дамытуға бағытталған.

9. Саралап оқыту тәсілі барысында білім алушылардың көру бұзылымдарына, оқуға бейімділігі мен қабілеттеріне, сөйлеу дағдылары мен біліктерінің қалыптасу деңгейіне қарай әртүрлі күрделіліктегі тапсырмаларды іріктеп топтық жұмыс жасау көзделеді.

10. Коммуникативтік тәсіл қарым-қатынас кезінде тіл құралдарын еркін және саналы түрде пайдалануға, көркем шығармаларды талқылау мен талдауға, ауызша және жазбаша сөйлеу мазмұнын түсінуге, әр түрлі сөйлеу жанрларында өз ойлары мен сезімдерді баяндау, көркем және танымдық әдебиеттерді оқу арқылы өз тілін байытуды қамтамасыз етеді.

11. Оқытуда ақпараттық-коммуникативтік технологияларын қолдану (бұдан әрі – АКТ) пәндік материалды іздеу және өңдеу үшін электрондық оқулықтарды, анықтамаларды, Винбрайльдік жолды қолдану арқылы АКТ-ны пайдаланудың базалық дағдыларын дамытуға; PowerPoint (Пауэр Поинт) презентациясын құруға, әдеби мәселелерді шешуде құрдастарымен ынтымақтастық жасау және идеяларымен алмасуына ықпал жасайды.

12. Бұзылымды көру функцияларын түзету әдістері:

1) көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың қайталанған жеке салаларды дамытудағы ауытқуларын, танымдық, эмоциялық бұзылымдарын өтеу;

2) қалдық көруін қорғау және көру қабілетінің бұзылуын өтейтін сақтау анализаторларын пайдалану;

3) офтальмологиялық және гигиеналық нормативтерді сақтай отырып оқу үрдісінде ұлғайтқыш құралдар, көзілдіріктер және кітапқа арналған тіреуіштерді қолдана отырып визуалды жайлылық жағдайларын жасау;

4) белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру, әртүрлі қызмет түрлерінде өзін-өзі тану тәсілдерін түсіну.

13. Көрмейтін және нашар көретін білім алушылардың жұмыс қарқынының төмен болуына және тез шаршауына байланысты пәнді оқытудың өзіндік ерекшеліктері:

1) сабақты шамадан тыс жүктемей инновациялық технологияларды, оқытудың әдістері мен тәсілдерін ұтымды пайдалану;

2) әр түрлі қызмет түрлерін: көру, есту, жазу, оқу, сипап қабылдау, көз және қолға арналған жаттығуларды кезектестіріп орындау;

3) көру өткірлігі 0,04%-ға дейінгі нашар көретін білім алушыларға ең аз көру жүктемесін беру: иллюстрацияларды қарау, сурет салу, дидактикалық материалмен жұмыс;

4) білім алушыларды толыққанды қызметке қосу үшін мұғалім өз іс-әрекеттеріне түсінік береді.

14. «Әдебиеттік оқу» пәні төмендегі арнайы жабдықталған бастауыш оқыту кабинеттерінде жүргізіледі:

- 1) техникалық қауіпсіздік талаптарына сәйкес мектеп жиһазымен;
- 2) көркем әдебиет, үлкейтілген және бедерлі-нүктелі қарпі бар оқулықтар, дидактикалық және тарату-демонстрациялық материалдар, бейне және аудиоматериалдарымен;
- 3) компьютерлік тифлокешен, сканерлеу және оқуға арналған «Книголюб» кешені, интерактивті тақтамен, «кітап» электрондық ұлғайтқыш құрылғысымен, стационарлық және портативті ұлғайтқыш құрылғымен, тифлоплеермен, диктофонмен.

3-тарау. «Әдебиеттік оқу» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

15. «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 2-сыныпта - аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 2) 3-сыныпта - аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 3) 4-сыныпта - аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

16. «Әдебиеттік оқу» пәнінің мазмұны 3 бөлімді қамтиды:

- 1) «Тыңдалым және айтылым» бөлімі;
- 2) «Оқылым» бөлімі;
- 3) «Жазылым» бөлімі.

17. «Тыңдалым және айтылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шығарманың мазмұнын түсіну;
- 2) шығарманы мазмұндау;
- 3) шығармадағы оқиғаны болжау;
- 4) тыңдарманның назарын аударту;
- 5) тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру.

18. «Оқылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) оқу түрлерін қолдану;
- 2) шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру;
- 3) шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау;
- 4) әдеби шығарманың жанрын анықтау;
- 5) шығарманың композициясын анықтау;
- 6) кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау;
- 7) әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау;
- 8) көркем шығарма элементтерін салыстыру;
- 9) түрлі дереккөздерден ақпарат алу.

19. «Жазылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шығарманың жоспарын құру;
- 2) шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу;
- 3) шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну;
- 4) қатені табу және түзету.

20. 2-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: шығарманың мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру, шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау, шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне бастапқы бөліміне сүйеніп, оқиғаның соңын болжау, өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу, қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою, оның жауабын шығармадан табу, шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау; мәтінді әңгімелеу, мәтін кейіпкерлерін атау, кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау; қарым-қатынастың бейвербальды құралдары: тірек сөздерді қолдану; өз идеяларын, сезімдерін, ойларын айту; фонематикалық есту және дикция қоюға арналған артикуляциялық жаттығулар; тез аудармалар, сөйлеу вербализмін жеңу бойынша тапсырмалар; танымдық қызметке барлық сақтаушы анализаторларды қосу;

2) оқылым: шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу; оқу кезінде сөйлеу қателіктерінің алдын алу үшін қормейтін білім алушылардың фонематикалық естуін және артикуляциялық моторикасын дамыту;

3) жазылым: мәтін мазмұны бойынша сурет салу; сөздік жұмысын жүргізуге қатысу; түсіндірілетін сөздермен жұмыс; жазбаша шығармашылық жұмыстар жүргізу: шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар, санамақтар құрастыру; сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер пайдаланып, шығармашылық жұмыс жазу;

4) ауыз әдебиеті үлгілерінен: балаларға арналған тақпақ, санамақ, мадақтау, өтірік өлеңдер, төрт-түлік жырлары, төрт түлік туралы өлеңдер, жан-жануарлар айтыс, наурыз жыры, ертегілер әртүрлі тақырыптағы хайуанаттар жайындағы ертегілер мен қиял-ғажайып оқиғалы ертегілер, мақал-мәтелдер, әртүрлі тақырыптағы жұмбақ, жаңылтпаштар, жазба әдебиеті үлгілерінен:

Ы. Алтынсарин! «Салақтық», А. Құнанбаев «Ғылым таппай мақтанба», Ж. Жабаяев «Алатау», А. Байтұрсынов «Мен қалай оқуға бардым», М. Дулатов «Мектепке», «Байлық», «Мектептен», Ж. Аймауытов «Кітап оқу», «Қарт Қожаның туған жері», М. Жұмабаев «Бесік жыры», С. Сейфуллин «Біржан», «Көлде», М. Әуезов «Бүлдірген тере барғанда», Б. Соқпақбаев «Шынықсын денеміз», Б. Момышұлы «Ұяда не көрсең...», Ш. Смаханұлы «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Тәкәппар», Қ. Мырза Әли «Не үшін?», «Жұмыстың жылуы», Ж. Смақов «Апаның тілін алса егер», Қ. Баянбай «Ұланымыз ұлы елдің», Ә. Дүйсенбиев «Ақылшым – мұғалім», Т. Молдағалиев «Он алтыншы желтоқсан», К. Ахметова «Астана», М. Мақатаев «Отан», «Отан туралы», Ә. Нұрпейісов «Туған жерімнің тұрғындары», Қ. Жұмаділов «Ұзын сары», Ғ. Мүсірепов «Құрметтейік, Жер-ананы», М. Әлімбаев «Кім жомарт? Не жомарт?», «Кемпірқосақ», Ф. Оңғарсынова «Әже», Е. Ерботин «Даңғой», А. Асылбеков «Көйлек хикаясы», «Түлкі мен тиін», М. Қабанбай «Айгүйдің әңгімесі», Д. Әбілев «Туған тілім», С. Жүнісов «Кімнің мекені жақсы?»

Ө. Тұрманжанов «Мектеп – біздің анамыз» «Туған өлкем», Б. Ысқақов «Жас техник», «Қыста қызық жұмыс бар», Н. Айтов «Оқулық», М. Иманжанов «Кітап», О. Әубакиров «Жеті шал», «Сүт қалай ұйықтады?», Қ. Ыдырысов «Қап, қап қармағым», А. Сопыбеков «Сапар мен парта», Т. Бердияров «Сусын туралы жыр», Ә. Нұршайықов «Немере», Д. Жұмагелдинова, М. Айымбетов, А. Тоқмағамбетов «Сыбырлақ» М. Абылқасымованың өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері;

5) ғылыми-танымдық шығармалар: мақала, естелік, өмірбаян аспан әлемі, су асты тіршілігі, табиғат құбылыстары, жаратылыс құпиялары, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы;

б) әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары: С. Вангелий «Дельфин», К.Қаус «Ата-ананы құрметтеу туралы», Л. Ди Винчи «Арыстан мен қозы», «Құмырсқа және бидай дәні», В. Сухомлинский «Ақ шаш», «Шымшық пен көртышқан», К. Чуковский «Кірқоймас», Л. Толстой «Өрттен құтқарушы иттер».

21. 3-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу, көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау, қолдануға практикалық және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру, кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау, көркем шығарма үзіндісін өзге үлгідегі иллюстрация, музыка күй, мультфильм нұсқасымен салыстыру, шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильмдерден нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру, шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау, мәтіннен немесе мәтін бөлімдерінен түйін сөздерді көрсету, түйін сөздер мен негізгі ой арасындағы байланысты орнату;

2) оқылым: шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу;

3) жазылым: сөздіктермен жұмыс жасау, шығармашылық жұмыстар: шығарма кейіпкеріне хат, ертегі кейіпкер қосу, соңын өзгерту, өлең төрт жолды, әңгіме оқығаны, көргені бойынша жазу;

4) жазба әдебиеті үлгілері: ұсынылатын ақын-жазушылардың шығармалары: Ы. Алтынсарин «Баланың айласы», «Малды пайдаға жарату», «Бақыт құсы», А. Құнанбаев «Ғылымға көңіл бөлсеңіз», Ш. Құдайбердіұлы «Адамдық борышың», А. Байтұрсынов «Оқуға шақыру», І. Жансүгіров «Күн шыққанда», М. Дулатов «Күз», Ж. Аймауытов «Қараторғай», М. Жұмабаев «Балалық шақ», С. Сейфуллин «Ақсақ киік», С. Бегалин «Есеннің кірпісі», Т. Жароков «Ауыл күзі», Б. Соқпақбаев «Қамқорлық», «Сен ұйықтап жатқанда», Ш. Смаханұлы «Он саусақ», Н. Айтұлы «Алтын сөз», М. Әлімбаев «Он саусақ», Ө. Тұрманжанов «Білім», М. Иманжанов «Қысқы кеш», Ф. Оңғарсынова «Білім керек бәріне», Ә. Табылды «Аман мен телефон»,

А. Асылбек «Сәулетті біздің Алматы», «Мұз айдын», Ж. Жұмаханов «Ер еңбекте сыналады», Т. Молдағалиев «Туған өлке гүлдері», «Қазақ деген халықтың баласымын», Е. Өтетілеуов «Мақтанышым – Астанам», Б. Кірісбайұлы «Терек пен қабығы», «Жеміс бағында», Ж. Әлмешов «Күн тәртібі», Ә. Қоңыратбаев «Киіктің айласы», Е. Ашықбаев «Таң», «Ғаламтор туралы», «Түскі тамақ», М. Байғұт «Алмастың ағашы», М. Абылқасымованың өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері;

5) ғылыми-танымдық шығармалар: мақала, естелік, өмірбаян, күнделік, аспан әлемі, су асты тіршілігі, табиғат құбылыстары, жаратылыс құпиялары, адамзат сырлары, техника жетістіктері, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы;

б) әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары: А. С. Пушкин «Қысқы кеш», М. Твен «Том мен Бекки», «Батылдық», И. Крылов «Шегіртке мен құмырсқа».

22. 4-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің базалық мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін бойынша автордың көзқарасына өз пікірін білдіру, шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру, шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу, шығарманың композициялық құрылымын сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі анықтау, өлеңдерге сай ырғақты таңдай білу, сөздіктерге сүйене отырып, сөздердің мағынасын түсіндіру, жазушы тіліне назар аудару, көркем сөздерді қолдану, эпизодтар мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру, көркем шығарманы өзге үлгідегі иллюстрация, музыка күй, мультфильм, кинофильм нұсқасымен салыстыру, түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу, тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету, «автормен диалог» жүргізу, оқыған шығарманың басты ойын өздігінен тұжырымдау, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланысты орнату, оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып жоспар құру, негізгі ойды тұжырымдау, оны мәтін атауымен сәйкестендіру, жоспар бойынша мәтінді мазмұндау;

2) оқылым: оқу дағдысы: шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу;

3) жазылым: шығармашылық жұмыс: таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең төрт жолды жазу;

4) ауыз әдебиеті үлгілері: батырлар жырынан үзінділер, аңыз әңгімелер мен қиял-ғажайып оқиғалар, шешендік сөздер, ертегілер, мысалдар, ұсынылатын ақын-жазушылардың шығармалары: Ы. Алтынсарин «Қара батыр», «Дүниеде жамандық неден?», І. Жансүгіров «Көкшетау», Ә. Тәжібаев «Жарық түнде жайлауда», С. Көбеев «Орындалған арман», А. Құнанбаев «Сабырсыз, арсыз, еріншек», С. Мұқанов «Жылқы», Ж. Жабаев «Балама хат», А. Байтұрсынов «Аққу, шортан хәм шаян», С. Торайғыров «Арыстан мен тышқан», Қ. Баянбаев «Араша», А. Сопыбеков «Сапар мен парта», С. Оспанов

«Шыбын мен Көбелек», Н. Ақышев «Адам қорыған көл», М. Дулатов «Шешенің балаларын сүйюі», А. Дулатов «Аяулы Жақан», Ж. Аймауытов «Қараторғай», М. Жұмабаев «Түркістан», С. Сейфуллин «Наурыз», М. Ғабдуллин «Тау қыраны», М. Әуезов «Жолда», «Жетім», «Көксерек», Ж. Жұмаханов «Ақ боран», М. Зверев «Суық торғай», Т. Айбергенов «Аппақ қыз», «Өсіп келе жатырмын», М. Қабанбай «Сурет салғым келмейді», А. Әуезов «Жас Мұхтар», Қ. Әбдіқадіров «Жиб-Жица күресі», Ш. Мұртаза «Бала Тұрар», С. Бақбергенов «Құрманғазы», Ә. Жапаров «Қазына көтерген бала», Ш. Уалиханов «Абылай хан», С. Бегалин «Қырдың жас түлегі», Ә. Абдуллин «Ақкөл жағасында», Б. Соқпақбаев «Менің атым Қожа», «Компас», «Ағаштар неге ашуланды?», М. Дүйсенов «Мен қалай торғай болдым?», Ж. Алмашұлы «Алтын балық», К. Сегізбайұлы «Құмырсқалар», Қ. Жұмаділов «Адасқан бала», Д. Мыңжасарқызы «Мектептен жырақ жол», Р. Әбілқадірова «Әскербектің әтеші», Е. Өтетілеуұлы «Балмұздақ», Б. Тұрсынбаев «Алғашқы көмек»,

Ш. Смаханұлы, Қ. Аманжолов «Туған жер», М. Мақатаев «Сүйемін өскен, Отаным», К. Оразбекұлы «Елтаңба мен Ту туралы жыр», Қ. Жұмағалиев «Туған өлкем», Қ. Сапарбаев «Туған жердің ысығы- ай», М. Әлімбаев «Омоним сөздер», «Логогриф», «Шарада», «Метаграмма», А. Сейдімбек «Әйел-Ана», Қ. Жармағамбетов «Ормандағы оқиға», Ж. Әлмашұлы «Қауын мен қарбыз», О. Әубәкіров «Ара мен шыбын», «Дүрбелең», Ә. Тұрманжанов «Жаралы торғай», Ф. Оңғарсынова «Қанат туралы хикая», Н. Айтов «Алтын сөз», Ғ. Мүсірепов «Ана құшағында», А. Асылбеков «Үйрену», М. Қалдыбаев «Үлек», Қ. Жаркенов «Есім сабақ оқуды қалай үйренді?», С. Сарғасқиев «Сынған аквариум», Т. Молдағалиев «Гүлдер», М. Абылқасымованың өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері, ғылыми-танымдық шығармалар: мақала, очерк, естелік, өмірбаян, күнделік, әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары: Н. Хикмет «Үш жігіт туралы хикая», Л. Толстой «Акула», И. Крылов «Ат пен есек», Э. Распе «Жарты ат», «Балық құрсағында», Д. Родари «Ғажайып жаңбыр», «Шоколадтан салынған жол», «Алисаның арманы», Р. Киплинг «Киттің жұтқыншағы неге мұндай?».

23. Нашар көретін білім алушылар үшін оқу дағдыларын қалыптастырудың қалыпты нормалары:

1) 2-сынып: минутына 30-40 сөз (минималды деңгей) минутына 20-30 сөз;

2) 3-сынып: минутына 45-50 сөз (минималды деңгей) минутына 20-30 сөзден;

3) 4-сынып: минутына 60-70 сөз, (минималды деңгей) минутына 40-50 сөз.

24. Көрмейтін білім алушылар үшін оқу дағдыларын қалыптастырудың қалыпты нормалары:

1) 2-сынып: минутына 20-30 сөз, (минималды деңгей) минутына 10-20 сөз;

- 2) 3-сынып: минутына 35-40 сөз (минималды деңгей) минутына 10-20 сөз;
- 3) 4-сынып: минутына 50-60 сөз (минималды деңгей) минутына 30-40 сөз.

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

25. Бағдарламада «Оқу мақсаттары» қолдануға, мониторинг жасауға тиімді болу үшін төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді: кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім мен бөлімше ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік номерін көрсетеді, мысалы, 3.2.1.1. кодында «3» - сынып, «2.1» - бөлімше, «1» - оқу мақсатының реттік саны.

26. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Тыңдалым және айтылым» бөлім:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру	3.1.1.1 шығарманың маңызды тұстарын анықтау үшін ашық сұрақтар қою және жауап беру	4.1.1.1 шығарманың мазмұнын толық түсіну, кейбір тұстарын нақтылау, оқиғаның себеп-салдарын анықтау үшін сұрақтар қою және жауап беру
1.2 Шығарманы мазмұндау	2.1.2.1 шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау; 2.1.2.2 қалдық көру қабілетін қорғау, білім алушылардың сөздерді дұрыс байланыстыра отырып оларды қолдана білуі	3.1.2.1 шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толықтаңдауына қарай мазмұндау, сахналау; 3.1.2.2 қалдық көру қабілетін қорғау, сезім арқылы, есту арқылы қабылдауына зер салу	4.1.2.1 шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін I немесе III жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды өрбітіп қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау; 4.1.2.2 қалдық көру қабілетін сақтау, танымдық белсенділігін арттыру, зейінін тұрақтандыру

1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау	2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне, бастапқы бөліміне сүйеніп, оқиғаның соңын болжау	3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау	4.1.3.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру
1.4 Тыңдарманың назарын аударту	2.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану	3.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану; 3.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фото, суреттерді тифлокомплектің көмегімен қолдану	4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарды, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербалды емес тілдік құралдарды қолдану; 4.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фото, суреттер қолдану, презентация, видеоролик жасау
1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру	2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу	3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу	4.1.5.1 өз ойы мен сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру

2) «Оқылым» бөлім:
2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Оқу түрлерін қолдану	2.2.1.1 шығарманы дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу	3.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп оқу	4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп, теріп, шапшаң оқу
	2.2.1.2 шығарманы іштей оқып,	3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз	4.2.1.2 шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып,

	ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу	жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу	сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу
2.2 Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.2.1 мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу	3.2.2.1 қолдануға (практикалық) және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру	4.2.2.1 шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
2.3 Шығарманың тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау	2.2.3.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау	3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу	4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу
2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау	2.2.4.1 мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау	3.2.4.1 өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау	4.2.4.1 аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін анықтау
2.5 Шығарманың композициясын анықтау	2.2.5.1 мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын мен аяқталуын анықтау	3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау	4.2.5.1 шығарманың композициялық құрылымын сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімін анықтау
2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау	2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-	3.2.6.1 кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқының	4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру

	құлқы мен іс-әрекетін бағалау	өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау	себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау
2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау	2.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдеуіш құралдарды теңеу, кейіптеу, табу	3.2.7.1 өз бетінше шығармадағы әдеби көркемдеуіш құралдарды теңеу, эпитет, кейіптеу, табу	4.2.7.1 шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсерілеу, табу және оларды қолдану
2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру	2.2.8.1 мұғалімнің көмегімен сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау	3.2.8.1 эпизодтерді салыстыру, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау	4.2.8.1 эпизодтер мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру
	2.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін өзге үлгідегі иллюстрация, мультфильм нұсқасымен салыстыру	3.2.8.2 өз бетінше көркем шығарма үзіндісін өзге үлгідегі иллюстрация, музыка күй, мультфильм нұсқасымен салыстыру	4.2.8.2 көркем шығарманы өзге үлгідегі иллюстрация, музыка күй, мультфильм, кинофильм нұсқасымен салыстыру
2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.9.1 сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі, кестеге салу	3.2.9.1 шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильм нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру	4.2.9.1 түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу, тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету

3) «Жазылым» бөлім:
3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып

3.1 Шығарманың жоспарын құру	2.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру	3.3.1.1 өз бетінше оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып жоспар құру	4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып жоспар құру
3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу	2.3.2.1 мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар, санамақтар құрастыру; 2.3.2.2 жазба жұмыстарында зейінін тұрақтандыру, танымдық белсенділігін арттыру	3.3.2.1 шығарма кейіпкеріне хат, ертегі кейіпкер қосу, соңын өзгерту..., өлең төрт жолды, әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу; 3.3.2.2 жазбаша жұмыста қалдық көру қабілетін қорғау, танымдық белсенділігін арттыру, есте сақтау қабілетін түзету	4.3.2.1 таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең төрт жолды жазу; 4.3.2.2 есте сақтау қабілетін түзеу, қоршаған орта туралы түсініктерін нақтылау, қалдық көру қабілетін қорғау
3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну	2.3.3.1 мұғалімнің көмегімен сурет, калиграмма, аппликация, фотосуреттер, макеттер пайдаланып, шығармашылық жұмыс жазу	3.3.3.1 шығармашылық жұмысын сурет, сценарий түрінде ұсыну	4.3.3.1 шығармашылық жұмысын сызба, диафильм, презентация түрінде ұсыну
3.4 Қатені табу және түзету	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді табу және түзету	3.3.4.1 өз бетінше шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету, қайта көшіріп жазу	4.3.4.1 шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, сын тұрғысынан бағалау және лексикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателерді тауып түзету, жазбаша жұмыс соңында қате

			жазылған сөздерді көшіріп жазу
--	--	--	-----------------------------------

27. Бағдарлама көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Әдебиеттік оқу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

28. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің
2-4 сыныптары үшін «Әдебиеттік
оқу» пәнінен жаңартылған
мазмұндағы үлгілік оқу
бағдарламасына қосымша

Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Әдебиеттік оқу» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді
жоспар

1) 2-сынып:
1-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Өзім туралы	Тыңдалым және айтылым	1.1 Шығарманың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру
		1.2 Шығарманы мазмұндау	2.1.2.1 шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау; 2.1.2.2 қалдық көру қабілетін қорғау, білім алушылардың сөздерді дұрыс байланыстыра отырып оларды қолдана білуі
		1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау	2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне бастапқы бөліміне сүйеніп, оқиғаның соңын болжау
		1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру	2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу
2. Менің отбасым және достарым	Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану	2.2.1.1 мәтінді дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу; 2.2.1.2 шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу
		2.2 Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру	2.2.2.1 мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою және оның жауабын шығармадан таба білу
		2.3 Шығарманың тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	2.2.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау

		2.4 Әдеби шығарманың жанрын анықтау	2.2.4.1 мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңнің жанрлық ерекшеліктерін анықтау
		2.6 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау	2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау
		2.7 Әдеби көркемдеуіш құралдардың қолданысын анықтау	2.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды теңеу, кейіптеу табу
		2.8 Көркем шығарма элементтерін салыстыру	2.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін өзге үлгідегі иллюстрация, мультфильм нұсқасымен салыстыру
		2.9 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.9.1 сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі кестеге салу
	Жазылым	3.1 Шығарманың жоспарын құру	2.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру
		3.2 Шығарманың түрлі жанры бойынша шығармашылық жұмыс жазу	2.3.2.1 мұғалім көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру; 2.3.2.2 жазба жұмыстарында зейінін тұрақтандыру, танымдық белсенділігін арттыру
		3.3 Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсыну	2.3.3.1 шығармашылық жұмысын мұғалімнің көмегімен сурет, калиграмма, аппликация, макеттер фотосуреттер арқылы ұсыну
		3.4 Қатені табу және түзету	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателерді өз бетінше табып түзету, жазбаша жұмыс соңында қате жазылған сөздерді көшіріп жазу
2-тоқсан			
3.Менің мектебім	Тыңдалым және айтылым	1.2 Шығарманы мазмұндау	2.1.2.1 шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау; 2.1.2.2 қалдық көру қабілетін қорғау, білім алушылардың сөздерді дұрыс байланыстыра отырып оларды қолдана білуі

		1.3 Шығармадағы оқиғаны болжау	2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне бастапқы бөліміне сүйеніп оқиғаның соңын болжау
		1.4 Тыңдарманның назарын аударту	2.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану
		1.5 Тыңдалған шығарма бойынша пікір білдіру	2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу
4. Менің туған өлкем	Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану	2.2.1.2 шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу
